

**Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-логопеді Абдрахманова Г.Б
рефлексиялық есебі**

Педагог-логопедтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы логопедиялық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Оқу жылының басында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы бекітілді. Мектеп логопедінің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға логопедиялық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, сөйлеу карталары, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б) дайындалды.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

1-15 қыркүйек аралығында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға кешенді логопедиялық диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижесінде педагог-логопедтің түзете-дамыту сабақтарына 11 бала тіркеуге алынды.

ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес 10 оқушы және мектеп мұғалімдерінің сұраныстары бойынша (7-форма) оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары бар сөйлеу тілінде бұзылыстары бар 1 білім алушыға логопедиялық диагностика жасалып, сөйлеу карталары толтырылды.

ЖСТД 2-деңгейімен- 2 оқушы, ЖСТД 3-деңгейімен- 1 оқушы, дыбыс айту бұзылыстары бар – 3 оқушы, жазу мен оқудың бұзылуы 3 оқушы, мектеп дағдыларын дамытудағы қиындықтар – 2 оқушы, тізімге алынды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (педагог-логопед, педагог-психолог) оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а,б) толтырылды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативі паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін ұжымдық талқыланды (Әр оқушыға 3-форма, 4-форма, 5-формалары толтырылды).

ПМПК қорытындысы және логопедиялық диагностика нәтижесінде 11 білім алушыға жеке дамыту бағдарламалары әзірленді.

Оқушыларды логопедиялық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Жеке дамыту бағдарламаларына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ереше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары толтырылды.

Оқу жылының соңында оқушылар саны – 11, айтарлықтай жақсарған – 3 айтарлықтай жақсармаған – 2, сабақты жалғастыруға қалдырылған оқушылар саны – 5, ПМПК ұсыныс берілді – 1, басқа жаққа кеткен, арнайы мектепке жіберілген білім алушылар жоқ.

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2023-2024 оқу жылында ата-аналарға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша кеңестер берілді.

Оқу жылының басында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына жеке кеңестер беріліп, білім алушылардың тілдік қорытындылары таныстырылды. Логопедиялық үй тапсырмаларының маңызы түсіндірілді.

Логопедтің ата-аналармен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында 1-сыныптың ата-аналарына кеңес берілді.

Мақсаты: Ата-аналарға дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Теориялық бөлімінде сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері, бірінші сынып оқушыларында жиі кездесетін дыбыс айту бұзылыстары, дыбыс айту бұзылыстарының себептері мен салдары туралы толық ақпарат берілді.

Практикалық бөлімінде ызың және ысқырық дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері мен түзетудің әдіс-тәсілдері тәжірибе жүзінде көрсетілді.

Сонымен қатар, үй жағдайында сонорлы дыбыстар (Р, Л) мен қазақ тіліне тән дыбыстарды түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдері көрсетіліп, практикалық жұмыстар жасалды. Және де биоэнергопластикалық әдістердің маңызы мен

пайдасы айтылып, ата-аналармен «Мен көрсетемін, сен айт», «Шармен тепе-теңдік сақта» сияқты кинезиологиялық ойындар мен жаттығулар жүргізілді.

Ата-аналармен кері байланыс жасалып, жұмыс қорытындыланды.

Ата аналарды ақпараттандыру мақсатында «Артикуляциялық жаттығулар – сөйлеу тілін түзетудің басты құралы», «Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын-алу» тақырыптарында үлестірмелі материалдар дайындалып, таратылды.

«Нейрогимнастикалық жаттығулар арқылы оқушылардың жылдам оқу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында кеңес берілді. Мақсаты: нейрогимнастика жаттығуларын жасату арқылы білім алушылардың жылдам оқу дағдыларын қалыптастыру, есте сақтау, таным қабілеттерін, зейіндерін тұрақтандыру, әдіс-тәсілдер арқылы жылдам оқу дағдыларын қалыптастыру.

«Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға машықтандырудың тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында кеңес берілді.

Мақсаты: ата-аналарға оқушылардың дұрыс оқуға машықтандырудың қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту, жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу.

Ата-аналарға дислексияның түрлері мен пайда болу себептерімен таныстырылды. Дислексияның түзету жолдарының әдіс-тәсілдері қарастырылды.

«Дисграфия және оның алдын алу. Бастауыш сынып оқушыларының дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында кеңес берілді.

Мақсаты: ата-аналарға дисграфияны түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту, жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу.

Ата-аналарға дисграфияның түрлері мен пайда болу себептері түсіндірілді. Дисграфияны түзетудің әдіс-тәсілдері қарастырылып, көрсетілді.

2023-2024 оқу жылында мектеп мұғалімдеріне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік кеңестер берілді.

Педагог-логопедтің мектеп мұғалімдерімен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Дислексия. Бастауыш сынып оқушыларының дұрыс оқу дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында кеңес берілді.

Мақсаты: мұғалімдерге дислексияны түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту, жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу.

Мұғалімдерге дислексияның түрлері мен пайда болу себептерімен таныстыру. Түзету жұмыстарының мазмұны мен негізгі бағыттары туралы ақпарат беру.

Дислексияны түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында жаттығулар мен ойындар кешені ұсынылды

«Дисграфия.Бастауыш сынып оқушыларының дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру жолдары»тақырыбында кеңес берілді.

Мақсаты:мұғалімдерге дисграфияның түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту,жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу.

Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарына сипаттама беру.Дисграфияның түрлері мен пайда болу себептерін түсіндіру.Түзету жұмыстарының мазмұны мен бағыттары туралы ақпарат беру.

«Бастауыш сынып оқушыларының оқу және жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттары» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне кеңес берілді.

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының оқу және жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттарымен таныстыру, оқу және жазу бұзылыстарының алдын алу.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу және жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттары, түзету жұмыстарының бағыттары бойынша толық ақпарат берілсе, практикалық бөлімінде бастауыш сынып мұғалімдерімен топтық және жұптық жұмыстар жүргізілді. Топтық және жұптық жұмыстар барысында баланың көріп қабылдауын, кеңістікте бағдарлауын, естіп қабылдауын, фонематикалық түсініктері мен графомоторлық дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдері тәжірибе жүзінде көрсетілді.


Мектеп мұғалімдерін ақпараттандыру мақсатында «Дисграфияны түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында жаттығулар мен ойындар кешені құрастырылып, үлестірмелі материалдар таратылды.

Өзін-өзі дамыту

2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығында Алматы қаласындағы «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми, практикалық орталығынан» «Жазбаша сөйлеу тіл бұзылыстарын түзетудің заманауи технологиялары» тақырыбында 72 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өттім.

Сонымен қатар, «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жаңа әдістемелік ұсынымдарын қарастырып, мамандыққа қатысты жаңа әдебиеттермен кабинет толықтырылды.

Логопед:



Г.Абдрахманова

Логопедтің есебі

Логотүзету			
Логотүзетуге мұқтаж	Бала саны	Жалпы оқушы санына шаққандағы пайызы	
	3 бала– 1-ші сынып	23	
	3 бала-2 -ші сынып	15	
	2 бала-3ші сынып	11,11	
	1 бала-4-ші сынып	5	
2 бала-7-шы сынып	11,7		
Қамтылды, барлығы	Бала саны	Мұқтаж оқушы санына шаққандағы пайызы	
	3 бала– 1-ші сынып	100	
	3 бала-2 -ші сынып	100	
	2 бала-3ші сынып	100	
	1 бала-4-ші сынып	100	
2 бала-7-ші сынып	100		
Қамтылмады, барлығы	Бала саны	Мұқтаж оқушы санына шаққандағы пайызы	
	0	0	
Ауызекі тілді бастапқы және қорытынды мониторингтеу нәтижелері			
Бастапқы мониторинг	Қорытынды мониторинг	Қиындықтар	Шешу жолдары
2023-2024 оқу жылында мектепшілік логопедке бақылау жұмысының қорытындысымен 11 бала тіркеуге алынды. Әр балаға 1-15 қыркүйек аралығында диагностика жасалып, сөйлеу карталары жасалып, толтырылды. Логопедтің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен, мұғалімдермен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, ата-аналарға, мұғалімдерге	Жеке дамыту бағдарламасына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күтізбелік тақырыптық жоспарлары құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді. Білім алушыларға жеке	Тілдің дыбыстық жағын зерттеу: Ауызша сөйлеу тілінде сөздердегі дыбыстар мен буындардың орындарын ауыстырып шатасады. Артық дыбыстар мен буындарды қосып	- Тілдің грамматикалық құрылымын арттыра отырып сөздік қорларын молайту. Дыбыстарды буында, сөзде дұрыс айтуға машықтандыру арқылы сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін, бейнелі суреттер бойынша тілдің грамматикалық құрылымын дамыту. Сұрақтарды тыңдай білуге, сұраққа толық жауап беруге

кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналы бекітілді. Әр балаға жеке жұмыс жоспары құрылды. Түзету жұмыстары жеке және топпен құрылды. Оқушылардың іс-әрекетін бақылау формалары (2а, 2б форма) дайындалды. Ата-аналармен (1а, 1б форма) толтырылды. Оқушылардың оқу қиындықтары көрінісіне әр оқушыға (3, 4, 5 формалар) толтырылды.

бағдарламалар мен оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары толтырылды. Ата-аналарға: түзете дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша кеңестер берілді. Мектеп мұғаліміне сұраныстары бойынша кеңестер берілді.

айту.
Лексика-грамматикалық қор: балалардың сөздік қорының аздығы. Сөйлемдегі сөздің дұрыс ұйқастыра алмайды, сөйлемдерді байланыстырып сөйлеуде қиналады. Оқығанда күрделі буынды сөздерде әріптеп оқу.

дағдыландыру. Дыбыстарды буында, сөздерде анық, таза айтуға үйрету. Түрлі тапсырмалар арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін, фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығуларын, мимикалық, сергіту сәттерінің дұрыс орындалуын қалыптастыру. Танымдық қабілеттерін арттыру. Ұсақ моторикаларын жақсарту бойынша жұмыстар көп жүргізу. Сюжеттік суреттер арқылы сөздер, сөйлемдер құруға ынталандыру. Сөйлемнің құрылымын талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту. Сөйлемдердегі сөздердің санын, кезектілігін белгілеу. Тірек сөздер арқылы сөйлем құрау.

Диагностика нәтижесі бойынша тілінің мүкісі бар оқушы саны

	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы		Дыбыс айтудың бұзылуы	Жазу мен оқудың бұзылуы	Мектеп дағдыларын дамытудағы қиындықтар
	II	II - III			
Анықталды:	2	1	3	3	2
Шығарылды:					
Жақсарған:	1		1		
Сабакты жалғастыруға қалдырылды:	1	1	2	2	2
ПМПК ұсыныс берілді				1	

	берілді.		
--	----------	--	--

	ЖСТД	Дыбыс айтуының бұзылуы	Жазу мен оқудың бұзылысы
	II-III		
Анықталды	3	3	3
Шығарылды:			
– сабақты жалғастыруға қалдырылды	3	2	3
Басқа жаққа кетті, арнайы мектепке	-	-	
ПМПК ұсыныс берілді		1	3